

Т.Б. Аширбекова¹ , С.Т. Мамадалиев^{*2} , Ю.Ш. Эшаханова¹ , С.Е. Қалдығөзова¹ .

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті(Шымкент, Қазақстан)

²Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Шымкент, Қазақстан)

*e-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru

Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдау көрсету ерекшеліктері

Аңдатпа

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдау көрсету мәселесі өзекті болып отыр. Бұл зерттеудің мақсаты – жалпы білім беретін мектепте мұндай балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың ерекшеліктерін анықтау және оның балалардың психологиялық жағдайына әсерін талдау. Зерттеу барысында аралас әдіс (сапалық және сандық) қолданылды: ата-аналар мен мұғалімдерге сауалнама жүргізіліп, сұхбаттар алынды. Алынған деректер сипаттамалық статистика және тақырыптық талдау әдістері арқылы өңделді. Нәтижелер ерекше білім беруді қажет ететін балалардың эмоционалдық тұрақтылығының төмендеуін, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіз қалыптасуын және әлеуметтік бейімделудің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін көрсетті. Сонымен қатар, психологиялық қолдаудың жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауы балалардың психологиялық дамуына кері әсер етуі мүмкін екені анықталды. Зерттеу қорытындысы бойынша, тиімді психологиялық қолдау көрсету үшін мектеп, ата-ана және мамандар арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту қажет.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, психологиялық қолдау, эмоционалдық даму, әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі бағалау

Т.Б. Аширбекова¹, С.Т. Мамадалиев^{*2}, Ю. Ш. Эшаханова¹, С.Е. Қалдығөзова¹.

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

² Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова
(Шымкент, Казахстан)

*e-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru

Особенности психологической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе

Аннотация

В условиях современного инклюзивного образования проблема психологической поддержки детей с особыми образовательными потребностями приобретает особую актуальность. Цель данного исследования – выявить особенности психологической поддержки таких детей в общеобразовательной школе и определить ее влияние на их психо-эмоциональное состояние. В исследовании использован смешанный метод (качественный и количественный): проведены анкетирование и интервью с родителями и учителями. Полученные данные обработаны с использованием методов описательной статистики и тематического анализа. Результаты показали, что у детей наблюдается сниженная эмоциональная устойчивость, недостаточно сформированная самооценка и относительно высокий уровень социальной адаптации. Также выявлено, что недостаточная организация психологической поддержки может негативно влиять на развитие детей. В заключение отмечается необходимость усиления взаимодействия между школой, семьей и специалистами для повышения эффективности психологической поддержки.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, психологическая поддержка, эмоциональное развитие, социальная адаптация, самооценка

*Ashirbekova T.B.^{*1}, Mamadaliyev S.T.², Eshakhanova Y³, Sh. Kaldygozova S.E.⁴*

^{1,3,4}*M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan)*

²*U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent, Kazakhstan)*

**e-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru*

Features of psychological support for children with special educational needs in mainstream schools

Abstract

In the context of modern inclusive education, the issue of psychological support for children with special educational needs has become increasingly relevant. The purpose of this study is to identify the features of psychological support provided to such children in mainstream schools and to analyze its impact on their psychological well-being. A mixed-methods approach (qualitative and quantitative) was used, including surveys and interviews with parents and teachers. The collected data were analyzed using descriptive statistics and thematic analysis. The results revealed lower emotional stability, insufficiently developed self-esteem, and a relatively high level of social adaptation among children. It was also found that insufficient organization of psychological support may negatively affect children's development. The study concludes that effective psychological support requires strengthened collaboration between schools, families, and specialists.

Keywords: inclusive education, children with special educational needs, psychological support, emotional development, social adaptation, self-esteem

Кіріспе. Қазіргі қоғамда инклюзивті білім беру және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдау көрсету мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр. Инклюзивті білім беру барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл тұрғыда жалпы білім беретін мектептердің рөлі ерекше, өйткені олар балаларды қоғамға кіріктірудің негізгі ортасы болып табылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру жүйесіне тиімді бейімделуі көбінесе көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың сапасына байланысты. Психологиялық қолдау олардың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға, өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға және әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Осыған байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау инклюзивті білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдау көрсетудің негізгі міндеттерінің бірі – олардың толыққанды дамуына жағдай жасайтын қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл тек білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етумен шектелмейді, сонымен қатар балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қабілеттерін дамытуға бағытталған кәсіби көмек көрсетуді талап етеді.

Сонымен қатар, әрбір ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке ерекшеліктері бар екенін ескеру маңызды. Сондықтан психологиялық-педагогикалық қолдау жеке тәсілге негізделіп, баланың қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. Бұл педагогтар мен психологтардан жоғары кәсібилікті, эмпатияны және балалармен тиімді жұмыс істеу дағдыларын талап етеді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көрсетілетін психологиялық қолдаудың ерекшеліктерін анықтау және оның балалардың психологиялық жағдайына әсерін талдау болып табылады.

Осылайша, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық дамуы мен эмоционалдық әл-ауқаты маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай балалардың оқу жетістіктері ғана емес, олардың эмоционалдық жағдайы, өзін-өзі бағалауы және әлеуметтік бейімделуі білім беру процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инклюзивті білім беру – бұл тек ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына енгізу ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз ететін жүйе болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] және білім беруді дамытудың 2015–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [2] инклюзивті білім беруді дамыту басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылып, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тең жағдай жасау қажеттілігі нақты көрсетілген. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалардың әлеуметтік бейімделуі, тұлғалық дамуы және оқу процесіне толыққанды қатысуы үшін сапалы психологиялық қолдау қызметі аса маңызды. Психологиялық қолдау балалардың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға және әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді [3].

Инклюзивті ортада оқыту балалардың психологиялық дамуына әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы әсер етеді. Құрдастармен қарым-қатынас, әлеуметтік қолдау және топтық өзара әрекет балалардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [4;5]. Сонымен қатар, мұндай ортада балалардың әлеуметтік салыстыру процестері олардың академиялық өзіндік бағасына әсер етуі мүмкін.

Зерттеулерде инклюзивті білім беру жағдайында балалардың эмоционалдық тұрақтылығы мен мотивациясы оқу ортасының сапасына байланысты екені көрсетілген. Мысалы, Gottfried (2016) зерттеуінде оқушылардың эмоционалдық жағдайы мен оқу жетістіктері мектеп ортасының ұйымдастырылуына тәуелді екені дәлелденген [6]. Сонымен қатар, Molina Roldán (2021) инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық қолдаудың жеткілікті болуы балалардың әлеуметтік интеграциясына оң әсер ететінін атап өтеді [7]. Психологиялық қолдау жеткілікті болған жағдайда балалардың мектепке деген жағымды көзқарасы қалыптасып, олардың әлеуметтік интеграциясы жақсарады. Сонымен қатар, инклюзивті сыныптарда қолданылатын оқыту әдістері балалардың психологиялық жағдайына тікелей әсер етеді. Мысалы, Kefallinou (2020) бірлескен оқыту әдістері балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетсе [8], Kyndt (2013) кооперативті оқыту оқушылардың сенімділігі мен өзара әрекеттесуін арттыратынын дәлелдеген [9].

Алайда, кейбір зерттеулерде инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық қиындықтардың да болуы мүмкін екені көрсетілген. Мысалы, сыныптағы әртүрлілік деңгейінің жоғары болуы балаларда мазасыздық пен сенімсіздікті арттыруы мүмкін [10]. Сонымен қатар, мұғалімдердің назарын бөлу және оқу қарқынының өзгеруі балалардың мотивациясына кері әсер етуі мүмкін [11]. Құрдастар арасындағы қарым-қатынас та маңызды психологиялық фактор болып табылады. Кейбір жағдайларда мінез-құлықтағы қиындықтары бар оқушылар сыныптағы эмоционалдық ахуалға әсер етіп, басқа оқушылардың да психологиялық жағдайына ықпал етуі мүмкін [12]. Инклюзивті білім беру жағдайында сыныптағы әртүрлілік оқушылардың психологиялық жағдайына әртүрлі әсер етуі мүмкін. Кейбір зерттеулерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен бірге оқыту оқу процесіне жанама әсер ететіні, соның ішінде сыныптағы тәртіп пен оқу қарқынына ықпал ететіні көрсетілген [13]. Сонымен қатар, инклюзивті ортада оқушылардың әлеуметтік бейімделуі мен өзара қарым-қатынасы маңызды рөл атқарады. Зерттеулер нәтижесі бойынша, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен бірге оқу басқа оқушылардың әлеуметтік интеграциясына және толеранттылық деңгейінің артуына ықпал етеді [14]. Дегенмен, кейбір жағдайларда сыныптағы мінез-құлық ерекшеліктері мен оқу деңгейіндегі айырмашылықтар басқа оқушылардың оқу

нәтижелеріне және психологиялық жай-күйіне әсер етуі мүмкін. Мұндай әсерлер сыныптағы әлеуметтік өзара әрекет пен мінез-құлық динамикасы арқылы жүзеге асады [15].

Жалпы алғанда, талданған зерттеулер инклюзивті білім беру жағдайында балалардың психологиялық дамуы көп жағдайда әлеуметтік ортаға, қарым-қатынасқа және көрсетілетін қолдау деңгейіне тәуелді екенін көрсетеді. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық қолдау көрсету олардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруда, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда және әлеуметтік бейімделуін жақсартуда шешуші рөл атқарады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларға көрсетілетін психологиялық қолдауды бағалауға бағытталды және аралас әдіс (mixed-methods) негізінде жүргізілді. Зерттеу сапалық және сандық деректерді біріктіру арқылы балалардың психологиялық жағдайын кешенді талдауға мүмкіндік берді. Зерттеуге жалпы білім беретін мектептерде оқитын ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары мен мұғалімдері қатысты. Жалпы қатысушылар саны – 25 адам. Қатысушылар балалармен тікелей жұмыс тәжірибесі бар және олардың психологиялық жағдайы туралы объективті ақпарат бере алатын тұлғалар ретінде таңдалды. Этикалық талаптарды сақтау мақсатында барлық қатысушылардан келісім алынып, олардың жеке мәліметтері құпия сақталды. Қатысушылармен сұхбат жүргізіліп, балалардың психологиялық қиындықтары, қолдау түрлері және тиімді әдістер туралы мәліметтер жиналды. Ата-аналар мен мұғалімдерге арналған сауалнама Лайкерт шкаласы (1–5 балл) негізінде құрастырылды. Сауалнама келесі психологиялық көрсеткіштерді бағалауға бағытталды: эмоционалдық жағдай (мазасыздық, уайым), өзін-өзі бағалау, әлеуметтік бейімделу, қарым-қатынас дағдылары. Жиналған деректер екі бағытта талданды: Сапалық талдау- сұхбат деректері тақырыптық талдау (thematic analysis) арқылы өңделіп, негізгі мәселелер мен тенденциялар анықталды. Сандық талдау-сауалнама нәтижелері сипаттамалық статистика әдісі арқылы өңделіп, орташа көрсеткіштер есептелді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеуіміздің бірінші бөлімінде зерттеуге қатысқан мұғалімдер мен ата-аналардың пікірлері негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың негізгі психологиялық ерекшеліктері анықтадық. Кестеде көрсетілген мәліметтер қатысушылардың жауаптарына жүргізілген сапалық талдау нәтижесінде алынған (Кесте-1).

Кесте –1 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық сипаттамалары (қатысушылар пікірлері негізінде)

Психологиялық сипаттамалар	Мұғалімдер	Ата-аналар	Қатысушылар	Ескертпе
Мазасыздық, уайым	✓ ✓ ✓	✓ ✓	Қ1, Қ3, Қ5, Қ7, Қ10	Көп жағдайда балаларда байқалады
Өзін-өзі бағалаудың төмендігі	✓ ✓	✓ ✓ ✓	Қ2, Қ4, Қ6, Қ11	Ата-аналар жиі атап өтті
Әлеуметтік бейімделу	✓ ✓ ✓	✓ ✓	Қ1, Қ8, Қ9, Қ12	Мектепте жақсырақ байқалады
Қарым-қатынас қиындықтары	✓ ✓	✓ ✓	Қ17, Қ22, Қ25	Құрдастармен байланыста қиындық бар
Эмоционалдық тұрақсыздық	✓ ✓ ✓	✓ ✓ ✓	Қ22, Қ6, Қ14	Екі тарап та жиі атап өтті
Тұйықтық	✓ ✓	✓ ✓ ✓	Қ4, Қ7, Қ15	Үй жағдайында көбірек байқалады
Сенімсіздік	✓ ✓	✓ ✓	Қ1, Қ9, Қ11	Орташа деңгейде
Қолдауға тәуелділік	✓ ✓ ✓	✓ ✓ ✓	Қ5, Қ8, Қ19	Балалар қолдауға мұқтаж
Әлеуметтік белсенділік	✓ ✓ ✓	✓ ✓	Қ16, Қ24, Қ12	Мектепте белсендірек
Мінез-құлықтағы өзгерістер	✓ ✓ ✓	✓ ✓	Қ2, Қ23, Қ14	Мұғалімдер жиі байқайды


✓✓✓- жоғары деңгей ✓✓- орташа деңгей ✓- әлсіз деңгей
көрсеткіштері

Зерттеуімізде алынған сұхбат нәтижелері бойынша, балаларда мазасыздық пен эмоционалдық тұрақсыздық жиі кездесетін негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіштер мұғалімдер тарапынан жоғары деңгейде (✓✓✓), ал ата-аналар тарапынан орташа және жоғары деңгейде (✓✓-✓✓✓) бағаланған. Сонымен қатар, *өзін-өзі бағалаудың төмендігі* ата-аналар тарапынан жиі атап өтілген, бұл балалардың өзіне деген сенімділігінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. *Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік белсенділік* салыстырмалы түрде жоғары деңгейде бағаланған. Бұл балалардың мектеп ортасында белгілі бір дәрежеде бейімделгенін және құрдастарымен өзара әрекеттесуге қабілетті екенін көрсетеді.

Алайда, *қарым-қатынас қиындықтары* мен *тұйықтық* көрсеткіштері балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуінде кедергілер бар екенін білдіреді. Бұл әсіресе ата-аналар тарапынан жиі байқалған. Сонымен қатар, *қолдауға тәуелділік* екі тарап тарапынан да жоғары деңгейде бағаланған (✓✓✓), бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық қолдауға қажеттілігі жоғары екенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер балалардың психологиялық жағдайында эмоционалдық тұрақсыздық пен мазасыздық басым екенін, ал әлеуметтік бейімделу салыстырмалы түрде жақсы дамығанын көрсетеді. Бұл жағдай психологиялық қолдау жүйесін күшейтудің қажеттілігін айқындады. Осы нәтижелерге сүйене отырып, балалардың психологиялық жағдайын сандық тұрғыдан нақтылау және салыстырмалы бағалау мақсатында төрт негізгі көрсеткіш таңдалды:

- эмоционалдық жағдай
- өзін-өзі бағалау
- әлеуметтік бейімделу
- қарым-қатынас дағдылары


Жоғарыда көрсетілген сапалық зерттеу нәтижелерінде анықталған проблемаларды ары қарай әрі қарай зерттеуіміздің эксперименттік екінші бөлімінде сандық талдаудың негізгі параметрлері ретінде алынып, олардың орташа деңгейлері есептелді. Нәтижелер диаграммалар түрінде ұсынылып, балалардың психологиялық жағдайын кешенді бағалауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, эмоционалдық жағдай, өзін-өзі бағалау, әлеуметтік бейімделу және қарым-қатынас дағдылары бағаланды. Бұл көрсеткіштер балалардың психологиялық әл-ауқатының негізгі құрамдас бөліктері болып табылады (Сурет -1).



Сурет –1 Балалардың психологиялық көрсеткіштерінің орташа деңгейі

Сурет нәтижелерінен көріт тұрғанымыздай ата-аналар мен мұғалімдердің жауаптарына негізделіп талданды. Сауалнамаға қатысқан 25 респонденттің жауаптары бойынша балалардың психологиялық көрсеткіштері бағаланды. Сонымен қатар, ата-аналардың шамамен 70%-ы балалардың сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы екенін және олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі жеткілікті деңгейде екенін атап өтті. Бұл әлеуметтік бейімделу көрсеткішінің жоғары болуына (3.8 балл) сәйкес келеді. Сонымен қатар, респонденттердің 60%-ы балалардың өзін-өзі бағалауын орташа деңгейде деп бағалады. Бұл көрсеткіш (3.5 балл) балалардың өзіне деген сенімділігі толық қалыптаспағанын көрсетеді. Қарым-қатынас дағдыларына қатысты ата-аналардың шамамен 55%-ы балалардың өз ойын жеткізуде кейбір қиындықтары бар екенін атап өтті. Бұл көрсеткіштің орташа деңгейде (3.4 балл) болуын түсіндіреді. Ал, эмоционалдық жағдай бойынша ата-аналардың 65%-ы балаларда мазасыздық, тұйықтық немесе ішкі уайым белгілері байқалатынын көрсетті. Бұл эмоционалдық көрсеткіштің (3.2 балл) төмендеуіне әсер еткен негізгі фактор болып табылады. Сауалнамадағы «Бала жиі мазасыз болады», «Бала өзін сенімді сезінеді», «Бала сыныптастарымен оңай тіл табысады» сияқты сұрақтарға берілген жауаптар осы нәтижелерді нақтылай түседі.

Келесі кезеңде мектептерде көрсетілетін психологиялық қолдау деңгейі талданды. Бұл көрсеткіш ата-аналар мен мұғалімдердің бағалауы негізінде анықталды (Сурет -2).




Сурет–2 Психологиялық-педагогикалық қолдау деңгейі (%)

Бұл сурет нәтижесінде ата-аналар мен мұғалімдердің балаларға көрсетілетін психологиялық қолдау деңгейіне берген бағаларын көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан 25 респонденттің жауаптары бойынша қолдау деңгейі үш санатқа бөлінді: жоғары, орташа және төмен. Нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 50%-ы мектепте көрсетілетін қолдауды орташа деңгейде деп бағалады. Бұл көрсеткіш мектепте белгілі бір қолдау жүйесі бар екенін, алайда оның толық тиімді жұмыс істемейтінін көрсетеді. Сонымен қатар, 30% ата-ана мен мұғалім қолдау деңгейін жоғары деп бағалады. Бұл мектептерде психологиялық қолдаудың кейбір элементтері тиімді ұйымдастырылғанын білдіреді. Ал 20% респондент қолдау деңгейін төмен деп бағалады. Бұл көрсеткіш білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жеткіліксіздігі немесе мамандардың жетіспеушілігі сияқты мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Сауалнамадағы «Мектепте балаға жеткілікті психологиялық қолдау көрсетіледі» және «Психолог көмегі қолжетімді» сияқты сұрақтарға берілген жауаптар осы нәтижелерді нақтылай түседі. Жалпы алғанда, алынған деректер психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Зерттеудің келесі кезеңінде мүмкіндігі шектеулі балаларға көрсетілетін қолдаудың негізгі көздері анықталды. Бұл көрсеткіш ата-аналар мен мұғалімдердің пікірлері негізінде бағаланды (Сурет -3).



Сурет– 3 Балаларға көрсетілетін қолдау көздері

Жоғарыдағы көрсетілген нәтижелерге сәйкес, ең жоғары көрсеткіш ата-аналар қолдауына (3.7 балл) тиесілі болды. Респонденттердің басым бөлігі баланың психологиялық жағдайына отбасының әсері жоғары екенін атап өтті. Бұл ата-аналардың баламен күнделікті қарым-қатынаста болуы және эмоционалдық қолдау көрсетуімен түсіндіріледі. Мұғалімдердің қолдауы (3.6 балл) да жоғары деңгейде бағаланды. Бұл мұғалімдердің оқу процесінде балаларға тұрақты қолдау көрсететінін және олардың бейімделуіне ықпал ететінін көрсетеді. Ал мектеп психологының көмегі (3.3 балл) салыстырмалы түрде төмен бағаланды. Респонденттердің бір бөлігі психолог көмегінің жеткіліксіз немесе жүйесіз екенін атап өтті.

Сауалнамадағы «Психолог балаға тұрақты көмек көрсетеді», «Мұғалім балаға түсіністікпен қарайды», «Ата-ана баланы қолдайды» сияқты сұрақтарға берілген жауаптар бұл нәтижелерді дәлелдейді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер балалардың психологиялық дамуына отбасы мен мұғалімдердің ықпалы жоғары екенін, ал мектеп психологының рөлін күшейту қажет екенін көрсетеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдау көрсету олардың эмоционалдық дамуы мен әлеуметтік бейімделуінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Зерттеу барысында балаларда эмоционалдық тұрақсыздық, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіз қалыптасуы сияқты қиындықтар бар екені анықталды. Сонымен қатар, олардың әлеуметтік бейімделу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, қарым-қатынас дағдыларын дамыту қажеттілігі байқалды. Осыған байланысты келесі ұсыныстар беріледі: мектептерде психологиялық қолдау қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру, педагогтар мен психологтардың кәсіби біліктілігін арттыру, ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату, балаларға жеке тәсіл негізінде түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу, қолайлы психологиялық орта қалыптастыру. Жалпы алғанда, тиімді психологиялық қолдау ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, олардың білім беру ортасына табысты бейімделуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтырулармен). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000205>

3. Ainscow M. Inclusive Education Systems / M. Ainscow. – London: Routledge, 2005. – 224 p <https://www.researchgate.net/publication/228686070>
4. Marsh H.W., Hau K.T. Big-Fish-Little-Pond Effect on Academic Self-Concept // American Psychologist. – 2008. – Vol. 63(5). – P. 324–341. <https://psycnet.apa.org/doi/10.1037/0003-066X.63.5.324>
5. Gersten R., Fuchs L.S., Williams J.P., Baker S. Teaching Reading Comprehension Strategies // Review of Educational Research. – 2009. – Vol. 71(2). – P. 279–320. – <https://journals.sagepub.com/doi/10.3102/00346543071002279>
6. Gottfried M.A., Kirksey J.J. The Effects of Inclusion on Academic Achievement // Educational Researcher. – 2016. – Vol. 45(7). – P. 412–423. <https://journals.sagepub.com/doi/10.3102/0013189X16659476>
7. Molina Roldán S., et al. Inclusive Education and Social Integration // International Journal of Inclusive Education. – 2021. – Vol. 25(3). – P. 234–248. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/13603116.2019.1568592>
8. Kefallinou A., Symeonidou S., Meijer C. Understanding Inclusive Education // European Agency for Special Needs Education. – 2020. <https://www.european-agency.org/resources/publications>
9. Kyndt E., Raes E., Dochy F. Collaborative Learning in Higher Education // Educational Research Review. – 2013. – Vol. 8. – P. 21–35. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1747938X12000282>
10. Hienonen N., Lintuvuori M., Jahnukainen M., Hotulainen R., Vainikainen M.P. The Effect of Inclusion on Academic Outcomes // Scandinavian Journal of Educational Research. – 2018. – Vol. 62(5). – P. 722–737. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00313831.2017.1307270>
11. Cooc N. Teaching Students with Disabilities in Inclusive Classrooms // Economics of Education Review. – 2019. – Vol. 68. – P. 101–117. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0272775718307710>
12. Gottfried M.A. Classmates with Disabilities and Student Outcomes // Educational Evaluation and Policy Analysis. – 2014. – Vol. 36(1). – P. 20–45. <https://journals.sagepub.com/doi/10.3102/0162373713496972>
13. Fletcher J. Spillover Effects of Inclusion // Journal of Public Economics. – 2010. – Vol. 94(11–12). – P. 1026–1038. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0047272710000947>
14. Schwab S., Huber C., Gebhardt M. Social Integration of Students with Special Needs // European Journal of Special Needs Education. – 2015. – Vol. 30(2). – P. 215–229. – <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/08856257.2014.986909>
15. Carrell S.E., Hoekstra M. Externalities in the Classroom // American Economic Journal. – 2010. – Vol. 2(1). – P. 31–52. <https://www.aeaweb.org/articles?id=10.1257/app.2.1.31>

References

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bılım turaly» Zañy. – Astana, 2007 (özgerister men tolyqtyrularymen). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Qazaqstan Respublikasında bılım berudi damytudyñ 2015–2025 jıldarğa arnalğan memlekettik baǵdarlamasy. – Astana, 2016. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000205>
3. Ainscow M. Inclusive Education Systems / M. Ainscow. – London: Routledge, 2005. – 224 p. Available at: <https://www.researchgate.net/publication/228686070>
4. Marsh H.W., Hau K.T. Big-Fish-Little-Pond Effect on Academic Self-Concept // American Psychologist. – 2008. – Vol. 63(5). – P. 324–341. Available at: <https://psycnet.apa.org/doi/10.1037/0003-066X.63.5.324>
5. Gersten R., Fuchs L.S., Williams J.P., Baker S. Teaching Reading Comprehension Strategies // Review of Educational Research. – 2009. – Vol. 71(2). – P. 279–320. Available at: <https://journals.sagepub.com/doi/10.3102/00346543071002279>
6. Gottfried M.A., Kirksey J.J. The Effects of Inclusion on Academic Achievement // Educational Researcher. – 2016. – Vol. 45(7). – P. 412–423. Available at: <https://journals.sagepub.com/doi/10.3102/0013189X16659476>
7. Molina Roldán S., et al. Inclusive Education and Social Integration // International Journal of Inclusive Education. – 2021. – Vol. 25(3). – P. 234–248. Available at: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/13603116.2019.1568592>
8. Kefallinou A., Symeonidou S., Meijer C. Understanding Inclusive Education // European Agency for Special Needs Education. – 2020. Available at: <https://www.european-agency.org/resources/publications>
9. Kyndt E., Raes E., Dochy F. Collaborative Learning in Higher Education // Educational Research Review. – 2013. – Vol. 8. – P. 21–35. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1747938X12000282>

10. Hienonen N., Lintuvuori M., Jahnukainen M., Hotulainen R., Vainikainen M.P. The Effect of Inclusion on Academic Outcomes // *Scandinavian Journal of Educational Research*. – 2018. – Vol. 62(5). – P. 722–737. Available at: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00313831.2017.1307270>
11. Cooc N. Teaching Students with Disabilities in Inclusive Classrooms // *Economics of Education Review*. – 2019. – Vol. 68. – P. 101–117. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0272775718307710>
12. Gottfried M.A. Classmates with Disabilities and Student Outcomes // *Educational Evaluation and Policy Analysis*. – 2014. – Vol. 36(1). – P. 20–45. Available at: <https://journals.sagepub.com/doi/10.3102/0162373713496972>
13. Fletcher J. Spillover Effects of Inclusion // *Journal of Public Economics*. – 2010. – Vol. 94(11–12). – P. 1026–1038. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0047272710000947>
14. Schwab S., Huber C., Gebhardt M. Social Integration of Students with Special Needs // *European Journal of Special Needs Education*. – 2015. – Vol. 30(2). – P. 215–229. Available at: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/08856257.2014.986909>
15. Carrell S.E., Hoekstra M. Externalities in the Classroom // *American Economic Journal*. – 2010. – Vol. 2(1). – P. 31–52. Available at: <https://www.aeaweb.org/articles?id=10.1257/app.2.1.31>

Авторлар туралы мәліметтер:

Аиширбекова Т.Б. – хат-хабар авторы, әлеуметтік ғылымдар магистрі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жалпы педагогика және психология» кафедрасының оқытушысы, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: Tolkyn2027@mail.ru

Мамадалиев С.Т. – магистр, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Арнайы педагогика» кафедрасының оқытушысы, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru

Эшаханова Ю.Ш. – магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: yulduz100618@gmail.com

Қалдығозова С.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Филология факультеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: sandugash.73@mail.ru

Сведения об авторах:

Аиширбекова Т.Б. – автор для корреспонденции, магистр социальных наук, преподаватель кафедры «Общая педагогика и психология» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан. E-mail: Tolkyn2027@mail.ru

Мамадалиев С.Т. – магистр, преподаватель кафедры «Специальная педагогика» Южно-Казахстанского педагогического университета имени Ө. Жәнібекова, г. Шымкент, Казахстан. E-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru

Эшаханова Ю.Ш. – магистр, преподаватель Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан. E-mail: yulduz100618@gmail.com

Қалдығозова С.Е. – кандидат педагогических наук, доцент, факультет филологии, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан. E-mail: sandugash.73@mail.ru

Information about the Authors:

Ashirbekova T.B. – Corresponding Author, Master's Degree Holder, Lecturer, Department of General Pedagogy and Psychology, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: Tolkyn2027@mail.ru

Mamadaliyev S.T. – Master's Degree Holder, Lecturer, Department of Special Pedagogy, U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru

Eshakhanova Yu.Sh. – Master's Degree Holder, Lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: yulduz100618@gmail.com

Kaldygozova S.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Faculty of Philology, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: sandugash.73@mail.ru